

**Павлодар аудандық мәслихатының (5 сайланған 32 кезектен тыс сессиясының) 2014 жылғы 25 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 32/242 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 07 қарашадағы № 40/297 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 қарашада № 4177 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 78/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 23.12.2020 № 78/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар аудандық мәслихатының (5 сайланған 32 кезектен тыс сессиясы) 2014 жылғы 25 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 32/242 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3780 тіркелген, 2014 жылғы 4 мамырдағы "Заман тынысы" аудандық газетінің № 19, 2014 жылғы 4 мамырдағы "Нива" аудандық газетінің № 19 жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың алтыншы абзацында "Халықаралық мүгедектер күніне" деген сөздері "Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне" деген сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,  
мәслихат хатшысы

Б. Оралов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК